

«№37 орта мектебі» КММ

**2022-2023 оқу жылындағы мұғалім-логопедінің жылдық
ТАЛДАУЫ**

Ақтөбе қаласы

жұмысының талдауы.

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылының басында инклюзивті оқыту бағыты бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды жалпы білім беру процесіне қосуға жағдайлар жасау үшін мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі құрылған болатын.

Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл – баламен кеңесе отырып, оның жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын анықтау, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, білім алуға өз бетінше қол жеткізуіне, тәрбиленуіне, көпшіліктен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады.

Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының бірі, бұл - мектеп-логопеді. Оқу жылы басында ПМПК қорытындысымен келген сөйлеу тілінде бұзылысы бар 13 бала есепке алынды.

№	Оқушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	класы	Диагнозы
1	Дүйсенбекұлы Нұрмұханбет	16.09.2016	0	ЖСТД II деңгейі
2	Құсайынова Аружан	18.02.2016	1а	ЖСТД II деңгейі, дизартрияның көмескі түрі
3	Амин Ибрахим Бағданұлы	04.04.2015	1а	Диагноз G40.4 Эпилепсия, Синдром Ленокс Гасто ПДТ, ЖСТД III деңгейі
4	Тыныштық Айат	27.05.2015	1ә	ПДТ, ЖСТД II- III деңгейі
5	Аманова Айнара	30.06.2016	1б	Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы, өздігінен жүре алады, ПДТ, ЖСТД II- III деңгейі
6	Сапарғали Мансур	13.02.2015	1б	ПДТ, ЖСТД II деңгейі
7	Байғабыл Рахат	09.02.2013	3а	
8	Жеткізгенов Әли	31.08.2012	4а	Есту қабілетінің бұзылуы, ПДТ, ЖСТД II деңгейі
9	Ахметова Дилара	23.12.2014	2ә	ПДТ, ЖСТД II деңгейі, оқу мен жазудың бұзылысы

жұмысының талдауы.

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылының басында инклюзивті оқыту бағыты бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды жалпы білім беру процесіне қосуға жағдайлар жасау үшін мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі құрылған болатын.

Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл – баламен кеңесе отырып, оның жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын анықтау, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, білім алуға өз бетінше қол жеткізуіне, тәрбиленуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру саатын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады.

Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының бірі, бұл - мектеп-логопеді. Оқу жылы басында ІМПК қорытындысымен келген сөйлеу тілінде бұзылысы бар 13 бала есепке алынды.

№	Оқушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	класы	Диагнозы
1	Дүйсенбекұлы Нұрмұханбет	16.09.2016	0	ЖСТД II деңгейі
2	Құсайнова Аружан	18.02.2016	1а	ЖСТД II деңгейі, дизартрияның көмексі түрі
3	Амин Ибрахим Бағданұлы	04.04.2015	1а	Диагноз G40.4 Эпилепсия, Синдром Ленокс Гасто ПДТ, ЖСТД III деңгейі
4	Тыныштық Айат	27.05.2015	1ә	ПДТ, ЖСТД II- III деңгейі
5	Аманова Айнара	30.06.2016	1б	Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы, өздігінен жүре алады, ПДТ, ЖСТД II- III деңгейі
6	Сапарғали Мансур	13.02.2015	1б	ПДТ, ЖСТД II деңгейі
7	Байғабыл Рахат	09.02.2013	3а	
8	Жеткізгенов Әли	31.08.2012	4а	Есту қабілетінің бұзылуы, ПДТ, ЖСТД II деңгейі
9	Ахметова Дилира	23.12.2014	2ә	ПДТ, ЖСТД II деңгейі, оқу мен жазудың бұзылысы

10	Серғулиев Марлен	22.01.2013	4а	Оқу мен жазу қызметінің калыптасуындағы қиындықтар
11	Тұрмағамбетов Тәңірберген	09.07.2009	6а	Жеңіл зерде бұзылысы, ЖСТД ІІІ деңгейі, тірек- қимыл аппаратының бұзылысы, өз бетімен жүре алады, көмексі дизартрия
12	Өмірбеков Расул	10.03.2014	2а	ПДТ, ЖСТД ІІ-ІІІ деңгейі, оқу мен жазудың бұзылуы
13	Иржанова Анель	16.03.2010	6а	Есту қабілетінің бұзылысы, ПДТ, ЖСТД ІІ-ІІІ деңгейі

Диагностика бойынша: Қыркүйек айының басында осы оқушылардың аналарынан анамнез анкетасына жауаптар алынып, балаларға диагностика жасалып, сөйлеу карталары толтырылды.

Әр баланың қазақ тілі бойынша сабақтарына кіріп, оқушының сабақтағы әрекеті мен мінез-құлықына бағалау бойынша 2а, 2б парақтары толтырылды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің отырысына арналған әр баланың сөйлеу тілі туралы логопед маманының тұжырымдамасы 3в формасы толтырылды. Мұғалімдер, арнайы педагог, психолог мамандарының тұжырымдамасынан кейін оқушының мінездемесінің жынтық сипаттамасы бойынша 4 форма толтырылды. Осы зерттеулер мен тұжырымдамалардың, сөйлеу карталардың қортындысы бойынша 5 форма логопедтің жеке және топтық сабақтарының бағдарламалары құрылды.

Балалардың көбінде диагнозы ПДТ (Психикалық дамуы тежелген) және СТЖД (Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының ІІ-ІІІ деңгейі) бойынша, жас ерекшелігіне қарай топтық және кіші топтық, жеке сабақтарға алынып, аптасына 2 рет түзету-дамыту сабақтары жүргізіліп отырды.

Түзету бағдарламасы да осы жас ерекшеліктері мен сөйлеу тілі бұзылыстарына сәйкес құрылып, сабақ кестелері бекітілді.

Логопед кабинетіне тіл бұзылыстарын, ұсақ-кол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін тексеруге арналған құрал-жабдықтар; айналар, тақта, әдістемелік құралдар және көрнекіліктер алынып жасасталды.

Логопедтің түзету-дамыту жұмысының бағыттары:

1. Артикуляциялық сөйлеу аппаратының қызметін белсендіру.
2. Сөйлеу барысындағы дұрыс тыныстауды қалыптастыру.
3. Дыбыстарды қою, машықтандыру, ажырату.
4. Сөйлеудің әуезділігі мен интонациясын қалыптастыру.
5. Мимикалық бұлшық еттерге, ерінге, тілге логомассаж жасау.
6. Сөздік қорын дамыту.
7. Сөйлеу тілінің фонематикалық жағы мен түйсігін дамыту.
8. Сөйлеу тілінің лексико-грамматикалық жағын жетілдіру.
9. Байланыстыра сөйлеуін дамыту.
10. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Балалардың көбінде жанама ЦДТ диагнозы болғандықтан ол балалардың психикалық процесстері баяу дамуда, ондай балалар тез шаршағыш, зейіндері шашыранқы, есте сақтау қабілеттері нашар болғандықтан оларға көп қимыл-қозғалыс керек. Соған байланысты оқу жылының бас кезінде қозғалмалы ойындар: доппен ойнау, тік сызықпен алға, артқа жүріп өту, зигзаг сызықтарының үстінен секіру сияқты қозғалмалы ойындар ойналды.

Әр түзету сабағымының басында 1 клас оқушыларына сөйлеу аппаратының қызметін белсендіру бағытында артикуляциялық жаттығулар жасатылды.

Артикуляциялық жаттығулар – дыбыс бұзылуын түзетудегі ең негізгі бөлік. Жұмысқа кіріспес бұрын, міндетті түрде айнаның алдында 10-15 минут артикуляциялық жаттығу жасалыну керек. Бұл өз кезегінде, баланың тілін жаттықтырып, түзету жұмысының тез әрі өнімді болуына әсер етеді. Балаға жасауға қызықты болу үшін әр жаттығуға «Күрек», «Іне», «Сағат тілі», «Тәтті тосап», «Санырауқұлақ», «Кесе», «Ат тұяғының тарсылы» деген аттар қойылған.

Кейін осы жаттығуларды айнаға қарап жасап үйренгеннен кейін соңғы кезде шығып жатқан инновациялық технология «бионергопластика», яғни тіл қимылын сауесак қимылымен бірге жасау жаттығулары үйретілді. Оны музыкалық ырғақпен орындаймыз. Қанекей, сіздерге қызық болса бірге орындайық.

Тыныс алуға арналған жаттығулар: Тілдік дыбыстарды айтқан кезде бала дұрыс тыныс алып, тыныс шығару керек. Соған байланысты сабағымызда тыныс алуға арналған жаттығулары жасалады. Оны әртүрлі әдіспен ойын

түрінде өткіздік. Мысалы: «Футбол», мақтаға үрлеу, ұсақ қағаздарға, көбелектерге үрлеу, май шам, вертушкаларға үрлеу т.б. тәсілдері жатады.

Дыбыс айту бұзылымын түзету: І класс оқушыларының көбінде ысқырық, ызың, сонорлы дыбыстарды бұзып айту жиі кездесті. Оларды еліктеу немесе механикалық жолмен зондтардың көмегімен қойып, кейін буындарда, сөздерде, сөйлемдерде, сосын мәтіндерде, жаттамақ, жанылпташтарда машықтандырылды және ауыстырған дыбыстан ажыратылды.

Сөйлеу тілінің әуезділігін, интонациясын қалыптастыру мақсатында сөздік, әуендік, ырғақтық логоритмикалар пайдаланылды. «Аю», «Қырыққабат», «Саусақтар», «Қане,қане, балалар» атты саусақтар кимылымен көрсете отырып, әндігіп айтылатын шағын өлең жолдарын балалар қызыға орындады.

Әр баланың тілінің бұлшық етінің жетілуіне байланысты тілдің тонуы екі түрлі: гипертонус, гипотонус болады. Гипертонус тілдің тым қатты болуы, гипотонус тілдің сылбыр, енжар болуы, екеуі де дыбыстардың бұзылып айтылуына себепші болады. Сондықтан да дыбыс қояр алдында осындай тілі бар балаларға бет бұлшық еті мен тіліне логомассаж жасаймыз.

Балалардың сөздік қорларын дамыту мақсатында лексикалық тақырыптарға мысалы: «Отбасы», «Менің мектебім», «Көкөністер мен жидектер», «Алтын күз», «Қыс мезгілі» сияқты топтық сабақтары өткізілді. Сабақ үстінде «Керісінше айт», «Қарама-қарсы сөздерді айт» деген ойындар антоним сөздерді табуға үйретсе, «Заттың бөлшегін айт», «Көмекші сөздерді қолдан» атты кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар өткізілді.

Балалардың фонематикалық есту қабілетін жақсарту мақсатында бірінші тілдік емес дыбыстарды мысалы: жануарлардың дыбыстары, музыкалық аспаптардың дыбыстары тыңдатылып, сол дыбыстарды «Дыбыс қайдан шықты?», «Құлақтар -саққұлақтар» деген ойындар арқылы ажыратса, ал айтылуы бұзылған дыбысты машықтандырып жатқан кезде "Дыбысты ұстап ал", "Ойлан, тап!" деген ойындар арқылы сол дыбыстың фонема ретінде естілуін дамытамыз.

Дауысты дыбыстардың просодикасын немесе логоформулаға салып дауысты дыбыстарды созғызып айтқызу арқылы олардың фонема ретінде естілуі дамытылды. «Жоғалған дыбысты тап» ойыны, «Сөзді аяқта», «Тез алмастыр» атты ойындары буындардан сөз құрастыруды үйретеді және балалар осы кезден бастап буынды құрайтын дауысты дыбыстар екенін танысып білді.

Байланыстырып сөйлеуін дамыту мақсатында суреттерге қарап сұраққа жауап беру арқылы сөйлем құрастыру, сюжетті суреттер арқылы түсінігін айту, мнемотехника әдісі арқылы әңгімелеу, «Шалқан», «Үйшік»,

«Қызыл телпек», «Жеті лак» ертегілерін тыңдап, мазмұнын айтып беру, жанылппаштар, жаттамақтар айту қолданылды.

Оқу мен жазу бұзылыстары бар балаларға сөздегі дыбыстардың орнын анықтау, дауысты дыбыстардың жуан және жіңішкелігін ажырату, дауыссыз дыбыстар бойынша қатан, ұяң, үнді дыбыстарын бір-бірінен ажырату, ми жаттығулары, «Айырмашылықты тап», «Жоғалған дыбыс», «Буынан сөздер құрастыр» атты ойын жаттығулары арқылы сауатты жазуға, оқуы бойынша «Мен оқи аламын», «Оқуға үйрету» атты оқу құралдарымен жұмыс жасадық, «Заттарға ортақ етістік тап», «Мазмұнына қарай суретті тандап, сөйлемді толықтыр», «Әр заттың атауы басталатын буынды көрсет» деген суреттер бойынша жұмыстар жүргізді. Сурет бойынша диктанттар жазылды.

Инновациялық технология болып табылатын кинезиологиялық жаттығулар, соның ішінде нейрожаттығулар барлық сабақтарда үнемі қолданылып отырды. Ол жана нейрондық байланыс тудыру арқылы интеллект дамуының негізі болатын мидың екі жарты шарларының қарым-қатынасын нығайтады.

Әр сабақ үстінде ұсақ қол моторикасын дамытуға да көңіл бөлінді. Себебі баланың сауасқ қимылына жауап беретін мидағы аймағы, баланың сөйлеу тілі аймағымен көршілес жатыр. Ұсақ қол моторикасын дамытуда жапсыру, кино, ермексазбен жұмыс, суретті бояу, гуашыпен бояу сияқты жұмыстар жүргізілді. Целлофан мешоктің көмегімен гүл салу, ұсақтап қиылған тоқыма жіптердің көмегімен сурет салу сияқты дәстүрлі емес әдістер қолданылды.

Жоспардағы кеңес беру кезеңі бойынша:

1) Мен мектептегі жанадан құрылған психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі бойынша мамандар мен мұғалімдерге, олардың өзара және ата-аналармен әрекеттесу алгоритмінің 12-қадамдық құжаттарын жасауға көмектестім.

2) 1 класс жетекшілеріне логопед-корытындысы бойынша хабарлама -кеңес өткізіп, логопед сабағының кестесімен таныстырып, 1 класс оқушыларының тіл бұзылыстары туралы ақпарат бердім.

3) 3 класс оқушысы Байғабыл Рахаттың логопед сабағына алынып, класс жетекшісіне оқушы қабілетінің ерекше екенін, оған деңгейіне сөйкес келетін тапсырмалар берілуі туралы, қатты әлсізденген кезде сабақ уақытында сергіту демалысын беру керек екені және баланы жні мадақтап, кем дегенде екі рет тақтаға шығарып сабақ сұрап тұру керек екендігі жөнінде кеңестер берілді.

4) Басқа ЕБҚ ететін оқушылары бар мұғалімдерге маман ретінде оқушыны мұғалімге жақын отырғызу, ұйымдастырушылық және бағыттаушылық көмек

беру, керек болса қасына барып жеке нұсқау беру, кезең бойынша тапсырмаларды аз-аздан беру, оқушының өз бетінше жұмыс жасау дағдысын бірте-бірте дамыту, оның аз да болса жетістіктерін айтып отыру, баланың мотивациясын жоғарлату сияқты кеңестер берілді.

5) Логопедтің түзету-дамыту сабақтарына келетін оқушылардың ата-аналарымен кездесіп, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы туралы кеңестер берілді. Жыл бойына артикуляциялық жаттығулар мен тынысқа арналған жаттығуларды үй жағдайында қалай жасауға болатындығы жөнінде жеке кабинетте жүздесу мен ватсап, видео арқылы кеңестер беріліп отырды. Ватсап арқылы «Невропатолог маманнан кеңес алу себептері», «Үлкен балаларға арналған жаттығулар», «Ата-ананың сөйлеуі балаға үлгі» атты кеңестер берілді.

Өз білімімді жетілдіру мақсатында:

- 1) 2022 жылы «Сөйлеу түзете-дамыту орталығы» ұйымдастырған «Дефектологиялық бағыттағы әдіс-тәсілдер» атты 80 сағаттық онлайн оқыту курсынан өттім.
- 2) «Педагог-ассистенттердің қызметін ұйымдастыру» облыстық семинар-практикумға қатысып сертификат алдым.
- 3) 2022 ж. 31.10-05.11 аралығында болған логопедия мамандығы бойынша «Дифференциалды логопедиялық массаж. Тұтықпа.» атты 80 сағат көлеміндегі біліктілікті арттыру курсынан өттім.
- 4) 2022ж.14.12. 8 сағаттық «Логопед-массаж-бала» жеке орталығы ұйымдастырған «Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері» атты курстан өтіп сертификат алдым.

Әдістемелік жұмыс кезеңі бойынша:

- 1) №45 ЖБББОМ өткен «Сөйлеу бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері» атты қалалық логопедтердің семинарында спикер болып, «Баланың тілін, ой-өрісін дамытуды кинезиологиялық жаттығулардың әсері» атты баяндама оқып, практикалық жұмыс көрсеттім.
- 2) Мектептегі бастауыш сыныбының мұғалімі М.Б.Амнренің шеберханасына арналған әдістемелік шарасында «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға нейрожаттығулардың пайдасы» атты теория мен практика бағыты бойынша жаңа әдіс-тәсілдер туралы жұмысымды көрсеттім.

- 3) Оқу жылының аяғында мектеп мамандары ұйымдастырған «Инклюзивті білім беру бағыты бойынша ЕББҚ бар баламен жұмыс» атты мектепшілік семинар өткіздік. Семинардың мақсаты: Мектептегі

психологиялық-педагогикалық колдау көрсету қызметіндегі мамандардың жұмыс бағыттарын анықтау, жылдық жұмыстарын талдау болды. «Психологиялық-педагогикалық колдау көрсету қызметіндегі мұғалім-логопедтің жұмысы» атты тақырыпта баяндама оқып, практикалық жұмыс көрсетті.

Жылдық талдауды қорытындылай келе есепте тұрған МАД тобының 1 оқушысы басқа мектепке ауысуына байланысты, қалған 12 оқушының көбінде СТЖД-ның II-III деңгейі және ЦДТ диагнозы қосарланып келгендіктен, түзету-дамыту сабағына екінші жылға жалғастырылады.

Мектеп директоры 
Мұғалім-логопед 
А.С.Назиков
Г.Ч.Сейтова

